

**Әл-фараби атындағы қазақ ұлттық университеті
Филология және әлем тілдері факультеті
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы**

**Факультеттің ғылыми-
әдістемелік кеңесінде
2020 ж. «_____» _____ мәжілісінің
№_____ хаттамасымен бекітілген**

**«8D02302 – АУДАРМА ІСІ
(БАТЫС ТІЛДЕРІ)»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2020

Бағдарлама «8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)»
Білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған.

Бағдарламаны құрастырушылар ф.ғ.д., профессор Т.У. Есембеков,
ф.ғ.к., профессор м.а. Л.Ж. Мұсалы, ф.ғ.к., профессор м.а. Сейденова С.Д.

Бағдарлама шетел филологиясы және аударма ісі кафедре мәжілісінде
қарастырылған

2020 ж. _____ № ____ Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ М.М. Аймагамбетова

Факультеттің әдістемелік бюросында мақұлданған

2020 ж. _____ № ____ Хаттама

Әдістемелік бюро төрайымы _____ Г. Оспанова

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген

2020 ж. _____ № ____ Хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы,

Факультет деканы _____ Ө.Әбдиманұлы

Ғалым хатшы _____ Л. Алимтаева

Мазмұны

1. 8D02302 - PhD докторантура «Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарлама бойынша қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері:

Қабылдау емтиханы талапкердің аударманың теориясы мен тарихы бойынша білімі мен білігін анықтау, аударма әдіснамасы мен әдістемесін меңгеру деңгейін тексеру, аударматанудың заманауи жетістіктері мен инновациялық технологияларын білуі мен тәжірибеде қолдану құзыретін бақылау, ғылыми зерттеушілік қабілетін пайымдау, аударматанудың отандық және әлемдік жетістіктері мен жаңалықтарын меңгеруін бағалау, аударма ісінің менеджменті, аудармашылық қызмет көрсетудің стандарттары, ережелері, шарттары, этикасы туралы танымын таразылау, аударманың әлемдік өркениеттегі мәні мен маңызын талдауын тексеру.

«8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарламасына түсетін талапкерге арналған қабылдау емтиханның негізгі мүддесі талапкердің аударматану маманына қажет базалық теориялық білімін және тәжірибелік дағдылары мен қабілетін анықтау, аударматану ғылымының лингвистика, когнитология, әдебиеттану, елтану, мәдени антропология, лингвомәдениеттану, философия мен эстетика, этика, семиология сияқты салалармен байланыстарын саралай білу деңгейін, аударманың жалпы, жеке және арнайы теорияларын, аударма методологиясы мен типологиясын ғылыми негізде меңгеру деңгейін тексеру. Аударманың ғылыми негіздерін, ғылыми сынының қағидаттарын, кәсіби талаптарын, іс-тәжірибесін нақты меңгеріп, осы ақпаратты жүзеге асыра алатын қабілетін анықтау. Талапкердің аударманың практикалогиясы мен социологиясын, аударманы редакциялау жұмысын, аударма әдістемесі мен дидактикасын жете білу деңгейін саралау, түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінінің сәйкестік, баламалық, дәлдік санасын анықтап, бағалау деңгейін, аударманың жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін білу, аудармадағы негізгі прагматикалық функцияны меңгеру деңгейін тексеру болып табылады.

«8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарламасына қабылдау емтиханының міндеттері:

Талапкердің – аударманың екі тіл мен екі мәдениет арасындағы қарым-қатынастың модераторы ретіндегі қызметінің өзіндік ерекшеліктерін ғылыми-теориялық пайымдай алуын анықтау;

- түпнұсқаның мәтіндік табиғатын тану мен тілдік құрылымын талдау және оларды аударма мәтінде жаңғыртудың ғылыми-методологиялық ұстанымдарын білуін тексеру;

- аудармашы еңбегінің негізгі кезеңдерінің мақсаты мен міндеттерінің аударма сапасына әсері мен ықпалын тәржіманның шығармашылық лабораториясын зерттеу арқылы қарастыра білуі.

2. «8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарлама бойынша докторантураға түсуші тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Талапкер мыналарды білуі тиіс: аударма теориясының негізгі ұстанымдарын, пәнін, мақсаты мен бағыттарын, зерттеу әдістерін меңгеру, аударматанушылық білімді жүйелі жинақтау және трансформация жасай білу; қажетті дерек пен ақпаратты таңдау, жинақтау, талдау, сыни тұрғыдан зерделеу, ғылыми дәлел мен дәйек тұрғысынан жүйелеу қабілеті; кәсіби мақсаттарды болжау, айқындау, түйіндеу және оларға қол жеткізудің жолдарын мен амалдарын орынды таңдау, аудармашының кәсіби біліктілігін арттыру әдістерін білу, ғылыми мәселенің өзектілігін анықтау, мақсаты мен міндеттерін нақтылау, түйіндеу, тұжырымдау, шешім табуға дағдылану, зерттеудің тиімді әдістерін пайдалана алу.

Аударма барысында қолданатын трансформациялардың түрлерін, аударудың негізгі әдіс-тәсілдерін, техникасын, аударма стратегиясы мен тактикасын тиімді айқындау, оны іс тәжірибеде нақты пайдалана алу, терминология мәселелерін, аударма тәжірибесіндегі жаңа бағыттар мен инновациялық технологияларды білу.

PhD докторантураға түсетін талапкер мына мәселелерді білуі тиіс:

Түпнұсқа мен аударма мәтінді аударматанудағы негізгі ұғымдар мен терминдер жүйесін пайдаланып салыстыра талдай білу, аударматанудың жалпы ұстанымдарын, стилистикалық, функционалдық, тіларалық, коммуникативтік қызметтерін, аудармадағы сәйкестіктер мен барабарлықтарды, ықпалдастықтардың, баламалық, дәлдік, адекваттық туралы ой-тұжырымдарға ғылыми көзқарас; түпнұсқа мәтіннің Жанрлық, стильдік және семиотикалық ерекшеліктер, аударылатын тілдің грамматикалық, синтаксистік және стилдік нормаларын сақтау амалдары. Ауызша және жазбаша аударманың заманауи күрделі мәселелерін талдап, тұжырымдау.

3. Білім беру бағдарламасының алғы шарттары

- 1) Аударматанудың заманауи үрдістері мен технологиялары
- 2) Аударманың мәдениетаралық коммуникациядағы орны мен қызметі
- 3) Аударма теориясы мен әдіснамасының заманауи әдістемесі

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

«Аударматанудың заманауи тенденциялары» пәні

1. Аударматанудағы заманауи тенденцияларының сипаты мен бағыты Аудармадағы ақпараттық технологиялар. Аударманың шығармашылық табиғаты. Аударманың заманауи теориясы мен тәжірибесі. Көркем мәтінді тәржімелеу ұстанымдары. Көркем аударманың талаптары мен шарттары. Аударма ғылымының нысаны. Аударма философиясы. Аударма әдістемесі. Аударма техникасы туралы түсінік.

2. Аударма баламалылығы. Баламалылықтың негізгі түрлері мен деңгейлері. Түпнұсқа мәтінінің баламалық негізі. Аударма мәтінінде мағыналық үйлесімділікке жету әдістері. Аударма баламалылығын құрайтын өзара байланысты үш элемент маңызы..

3. Көркем аударма сипаты. Көркем мәтіннің сипаттары мен белгілері. Көркем аударманың басты қстанымдары. Көркем әдебиет аудармасының ұлттық, әлеуметтік құндылығы. Көркем аударма – коммуникативтік қызметтің айрықша түрі. Әдеби шығарманы аударудың алғышарттары, жүзеге асыру негіздері мен кезеңдері. Аударманың мәні мен мақсаты.

4. Баламалық сипаттары. Баламалық сипаты және оның аудармада түпнұсқалық мағынаға үйлесімділік мүмкіндігі. Пепкеннің баламаға қатысты анықтамасы.. Ю. А. Найданың баламаны формальды және динамикалы аударма деп бөлуінің себептері. Баламалық сипатындағы глосс терминінің мәні.

5. Прагматикалық баламалық. Прагматикалық баламалық және коммуникативтік баламалық ұғымы. Коммуникативті құндылыққа жетудегі прагматикалық баламалықтың орны. Баламалықтың ақпараттық және ақпараттық-экспрессивтілік болып екіге бөлінуінің шарттары.

«Аударма теориясы мен практикасының заманауи әдістемесі» пәні

1. Аударманы оқытудағы инновациялық технологиялар түрлері және оларды оқыту үдерісінде пайдалану. Инновациялық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде қолданылуы және аударманы оқыту әдістемесіндегі ерекшелігі. Аудармашылық тандем туралы көзқарастар ауаны. Ақпараттық технологияның ерекшеліктерін түсіндіру негізінде оның практикалық қарымын талдап, саралап, жаңа зерттеу объектісінде қарастыру.

2. Аударманың функционалдық-прагматикалық және дискурсивтік аспектілері. Лингвистикадағы дискурс ұғымының аударматанудағы қолданылуы. Әлемдік және қазақ көркем аудармасындағы прагматикалық бейімдеу үлгілері. Ақпарат алушының прагматикалық ықпалды жүзеге асыру мүмкіндіктері. Аударма үдерісіндегі прагматикалық мәселелер.

3. Аударманы талдау, саралау, бағалау және аударма қателіктері мен олқылықтарының себептерін анықтау. Түпнұсқалық шығармалардың аударылу кезіндегі кеткен түрлі стилистикалық, прагматикалық, лексикалық, логикалық қателіктерді анықтау, олардың себеп-салдарларын айқындап, дәлелдеп көрсету. Аудармадағы деформация деңгейлері

4. Жазбаша аударманы оқыту және инновациялық технологиялардың қолданылуы. Жазбаша аударманың түрлері, олардың өзіндік құрылымдық сипаттары. Аудару үдерісіндегі басты қиындықтар. Аударманың дәлдігі, баламалығы, сәйкестігі және оған жетудегі ізденістер мен шешімдер.

5. Ауызша аударманың психо-физиологиялық ерекшеліктері. Аударма психологиясының зерттелуі. Ауызша аударманың түрлері. Жазбаша аудармамен ұқсастығы мен айырмашылығы. Ауызша аударманың қиындықтары. Аудару кезіндегі тілдік, психологиялық күрделі жағдайларды шешу амалдары.

«Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері» пәні

1. Мәдениеттің қоғамда атқаратын коммуникативтік, қарым-қатынастық қызметі. Мәдениеттің елдің дамуына ықпалы және адамзат өркениетіндегі маңызы. Қоғамдағы коммуникативтік қарым-қатынастағы ерекшелігі және оның адамдардың өмір сүру деңгейіне тигізетін пайдасы.

2. Мәдениет және өркениет. Халықтар арасындағы мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы және олардың өркениет деңгейіндегі өзара сабақтастығы. Мәдениет - ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындап тұратын басты көрсеткіштердің бірі және өркениеттің дамуына ықпалы.

3. Аударманың тіл және мәдениетаралық коммуникациядағы қызметі. Аударманың халықтарды өзара жақындастырудағы дәнекерлік рөлі. Аудармадағы тілдің ерекшелігі және мәдениетаралық коммуникациядағы қызметі.

4. Аударманың коммуникативтік, эстетикалық, қоғамдық талаптары. Аударманың адамдардың өзара қарым-қатынасындағы түсінісу жағдайындағы сипаты, оның теориялық негіздері мен коммуникативтік, эстетикалық, қоғамдық талаптары.

5. Аударма және тіл мәдениеті. Аударманың тілді дамытудағы ерекшелігі. Ұлттардың әдебиеті мен мәдениетін жақындастырудағы рөлі. Аударманың тіл мәдениетін жетілдірудегі өзіндік маңызы.

6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Алексеева И.В. Теория перевода. -М., 2016.
2. Гарбовский Н.К. Теория перевода. –М. 2007. -544с.
3. Алдашева А. Аударматану. –Алматы, 2010
4. Тарақ Ә. Аударма әлемі.–Алматы:Қазақ Университеті, 2007 ж.
5. Мұсалы Л.Ж. Аудармашының кәсіби машығы.– Алматы: Қазақ Университеті, 2007.
6. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводчика. Учебное пособие СПб, изд. Союз, 2002
7. Дадебаев Ж.Д. Әдеби компаративистика және көркем аударма. – А. 2011.
8. Есембеков Т.О. Мұсалы Л. Көркем мәтін және аударма. – Алматы: Қазақ Университеті, 2019.
9. Тарақ Ә. Ауызша аударма. – Алматы: Қазақ Университеті, 2009.

10. Латышев Л.К., Семенов А.Л. Перевод –М., 2007
11. Латышев Л.К. Технология перевода. –М. 2011.
12. Тарақ Ә. Аудармашы мамандығының кәсіби негіздері. –Алматы, 2010.
13. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода – М., 2000
14. Сагындыкова Н.Ж. Основы художественного перевода. -Алматы. 2006.
15. Казакова Т.А. Брандес М. Стили и перевод – М., 1988
16. Дәуренбекова Л. Көркем мәтін және аударма.–Астана.2015.
17. Семенов А.Л. Основы общей теории перевода и переводческой деятельности.– М., 2008.
18. Влахос С., Флорин С. Непереводимое в переводе – М., 1996
19. Виноградов В.С. Введение в переводоведение – М., 2001
20. Латышев Л.К. Перевод: проблемы теории, практики и методики – М.,1988
21. Фёдоров А.В. Основы общей теории перевода – М., 1985
22. Ширяев А.Ф. Синхронный перевод (Деятельность синхронного перевода и методика преподавания синхронного перевода).
23. A.J.Thomson and A.R.Martinet. A practical English grammar 4th edition/ Oxford University Press, 1992.
24. Raymond Murphy. English Grammar in Use. 3d edition. Cambridge University Press, 1994.
25. Taeva R.M., Argyngazina Sh.B, Shanina N.P., Grebenshichova N.P. Texts of Linguistics. Almaty, 2005.
26. Virgina Evans-Jenny. Enterprise plus Grammar. Express Publishing 2002.
27. Перевод в современном мире.-М.,2001

Қосымша әдебиеттер:

1. Тарақов Ә.С. Аударма психологиясы мен мәдениеті. А., 2005..
2. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация.-М. 2011.
3. Айтпаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы 2002.
4. Залевская А.А. Текст и его понимание. –Тверь. 2001. .
5. Батрик А.В., В.П. Котелкин. Пособие по устному переводу.-М.,1999.
6. Чернов г.В. Основы синхронного перевода.-М. 2007.
7. Семенов А.Л. Основные положения общей теории перевода. Учебное пособие. Москва, РудН, 2005 (90 стр.

7. Бағалау шкаласы

Әріптік бағалау эквиваленті	Цифрлық бағалау эквиваленті (GPA)	Балдары %-бен	Дәстүлі жүйе бойынша бағалау
A	4	95-100	"Өте жақсы"
A-	3,67	90-94	

B+	3,33	85-89	"Жақсы"
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	"Қанағаттанарлық"
C	2	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	
F	-	0-49	"Қанағаттанарлықсыз" (непроходная оценка)
I	-	-	"Пән аяқталған жоқ"
W	-	-	"Пәннен бас тартты"
AW	-	-	"Оқудан шығарылды"
AU	-	-	"Пән тыңдалды"
P/NP (Pass / No Pass)	-	65-100/0- 64	"Есептелді/ есептелген жоқ"